

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «8» маусым

«БЖЗК» АҚ Директорлар кеңесі құрамындағы өзгеріс

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жалғыз акционері болып табылады.

«БЖЗК» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) қабылдаған.

Ағымдағы жылдың мамыр айында «БЖЗК» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін сенімгерлік басқаруға беру туралы Шарттың негізінде Комитеттен ҚР Ұлттық Банкіне ҚР Үкіметінің өкілдері ретінде «БЖЗК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына:

- ҚР Қаржы вице-министрі Бекетаев Руслан Бақытжанұлын,
- Келімбетов Қайрат Нематұлын енгізу,

сондай-ақ «БЖЗК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Э. К. Утеповтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы тапсырма келіп түсті.

Осыған байланысты, БЖЗК-ның жалғыз акционерінің өкілдері ретінде «БЖЗК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына:

- Бекетаев Руслан Бақытжанұлы – ҚР Қаржы вице-министрі,
- Келімбетов Қайрат Нематұлы енгізілді,

сондай-ақ Эдуард Карлович Утеповтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Сонымен қатар ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша тәуелсіз директорлар ретінде «БЖЗК» АҚ Директорлар кеңесі құрамына:

- Тәжіақов Бейсенғали Шамғалиұлы,
- Дәмитов Қадыржан Қабдошұлы енгізілді,

ал тәуелсіз директор Энтони Эспинаның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.